

2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 15-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 желтоқсанда № 5022 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек аудандық мәслихатының 2019 жылғы 5 сәуірдегі № 32-7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек аудандық мәслихатының 05.04.2019 № 32-7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2 және 3- қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2018 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 7 740 566 мың теңге:

салықтық түсімдер – 2 105 390 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 5 422 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 168 324 мың теңге;

трансферттер түсімі – 5 461 430 мың теңге;

2) шығындар – 7 896 279 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 297 390 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 433 109 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 135 719 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 453 103 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 453 103 мың теңге:

қарыздар түсімі – 432 900 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 135 719 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 155 922 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 20.12.2018 № 28-2 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2018 жылға арналған аудандық бюджет түсімдері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 30 қарашадағы "2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 15-2 "2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4984 тіркелген) шешіміне және осы шешімнің 5, 6, 8 тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

3. Қазақстан Республикасының "2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 8, 13 баптары қаперге және басшылыққа алынсын:

1) 2018 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттердің түсімі және кредиттердің жалпы сомасы 1 010 674 мың теңге көлемінде ескерілсін:

тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге – 2 957 мың теңге;

оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге – 5 285 мың теңге;

мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға – 5 223 мың теңге;

ымдау тілі маманының қызмет көрсетуге – 1 018 мың теңге;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге – 41 939 мың теңге;

халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге – 14 430 мың теңге;

жалақыны ішінара субсидиялауға – 10 985 мың теңге;

жастар практикасына – 13 873 мың теңге;

техникалық көмекші құралдар тізбесін кеңейтуге – 4 711 мың теңге;

мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен көрсеткіштер орнатуға – 180 мың теңге;

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер – 432 900 мың теңге;

жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыруға берілетін мемлекеттік гранттарға - 481 мың теңге;

жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының

мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыт бойынша төленген сомаларын өтеуге – 220 651 мың теңге;

Ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге – 46 041 мың теңге;

Дариян ауылының солтүстік - батыс бөлігінің тұрғын үй құрылыс секторын электрмен жабдықтауға - 50 000 мың теңге;

Трекин ауылындағы су құбырының құрылысына - 70 000 мың теңге;

Достық ауылындағы су құбырын реконструкциялауға – 90 000 мың теңге;

2) 2018 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттердің түсімі жалпы сомасы 549 782 мың теңге көлемінде ескерілсін:

жаңа оқу бағдарламаларының енуіне және жаңа оқулықтар шығуына байланысты оқулықтар сатып алуға – 176 169 мың теңге;

жұмысшы кадрларды еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер және дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқуға – 28 078 мың теңге;

жастар практикасына – 11 311 мың теңге;

Володарское ауылының су құбырын реконструкциялауға - 12 761 мың теңге;

"Егіндібұлақ ауылының су құбырының құрылысы" жұмыс жобасы бойынша кешенді мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткізуге – 1 042 мың теңге;

"Мичурин ауылының су құбырын реконструкциялау" жұмыс жобасы бойынша кешенді мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткізуге – 1 268 мың теңге;

"Трекин ауылында су құбырының құрылысы" жұмыс жобасы бойынша кешенді мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткізуге – 1 464 мың теңге;

"Октябрьское ауылында су құбырының құрылысы" жұмыс жобасы бойынша кешенді мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткізуге – 1 042 мың теңге;

"Зеленый ауылында су құбырының құрылысы" жұмыс жобасы бойынша кешенді мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткізуге – 1 042 мың теңге;

"Достық ауылындағы су құбырын реконструкциялау" жұмыс жобасы бойынша кешенді мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткізуге – 1 374 мың теңге;

"Үлкен Шаған ауылында су құбырының құрылысы" жұмыс жобасы бойынша кешенді мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткізуге – 1 208 мың теңге;

мектептерге жаңартылған білім бағдарламасы бойынша оқушыларды оқыту үшін жиынтықтағы компьютер сатып алуға – 7 500 мың теңге;

"Білім беру интерактивті құралдар. Мұғалімге қажетті технологиялар" тренингіне мұғалімдерді жіберуге және "Академия" педагогикалық шеберлік

виртуалды лабораториясы" білім беру онлайн порталына жазылуға – 5 900 мың теңге;

шағын жинақты мектептерге Bilimbook компьютер-трансформер контентін сатып алуға – 28 600 мың теңге;

мұғалімдерге салық, іс-сапар мен міндетті зейнетақы жарналары шығындары бойынша кредиторлық берешектерді өтеуге – 8 222 мың теңге;

мектеп шеберханаларының құрал-жабдықтарын жаңартуға – 42 000 мың теңге;

эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге – 15 406 мың теңге;

Переметный ауылындағы тұрғын құрылысының 200 жер учаскесін газбен жабдықтауға – 6 860 мың теңге;

Белес ауылындағы тұрғын құрылысын газбен жабдықтауға – 5 730 мың теңге; жаңа бизнес - идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беруге - 481 мың теңге;

аудан мектебінде ақпараттық технологиялар сыныбын ашуға – 3 319 мың теңге;

аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстауға – 100 000 мың теңге.

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға – 9 005 мың теңге

Чиров, Қаражар, Чеботарев – Сұлу көл ауылдарының кіре беріс автомобиль жолдарын күтіп ұстау үшін ағымдағы жөндеуге – 80 000 мың теңге.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 28.03.2018 № 20-7 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 01.06.2018 № 21-3 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.07.2018 № 23-2 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.10.2018 № 25-2 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.12.2018 № 28-2 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

4. 2018 жылға арналған аудандық бюджетке облыстық бюджеттен берілетін субвенция жалпы сомасы 4 333 874 мың теңге көлемінде түсімдер көзделсін.

5. Жергілікті бюджеттердің теңгерімділігін қамтамасыз ету үшін 2018 жылдың кірістерін бөлу нормативі төмендегі кіші сыныптар кірістері бойынша белгіленсін:

- 1) жеке табыс салығы аудандық бюджетке 100% есепке алынады;
- 2) әлеуметтік салық аудандық бюджетке 100% есепке алынады.

6. Жергілікті атқарушы органдарға қарасты мемлекеттік мекемелер ұсынатын қызметтер мен тауарларды өткізуден түсетін ақшалар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі және Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған тәртіпте пайдаланылады.

7. 2018-2020 жылдарға аудандық бюджеттен ауылдық округтер бюджетіне берілетін субвенциялар көлемдері 4-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

8. 2018 жылға арналған аудандық бюджеттен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер, жалпы сомасы 24 358 мың теңге көлемінде 5 - қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 06.12.2018 № 27-2 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

9. 2018 жылға арналған аудандық бюджетке төмен тұрған бюджеттерден бюджеттік алымдар қарастырылмайды деп белгіленсін.

10. 2018 жылға арналған ауданның жергілікті атқарушы органдарының резерві 38 808 мың теңге көлемінде бекітілсін.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 06.12.2018 № 27-2 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

11. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен белгіленген мамандар лауазымдарының тізбесіне сәйкес, азаматтық қызметші болып табылатын, республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес процент жоғары лауазымдық айлықақы мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

12. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіп кешен саласының мамандарына көтерме ақы және тұрғын үй сатып алу және салу үшін әлеуметтік көмек көзделсін.

13. 2018 жылға арналған жергілікті бюджетті атқару үдерісінде секвестрлендіруге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 6-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

14. Аудандық мәслихат хатшысы (Р.Т.Исмагулов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

15. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Аудандық мәслихат хатшысы

Б.Ислямова

Р.Исмагулов

2018 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 20.12.2018 № 28-2 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты				Сомасы мың теңге
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
Ерекшелігі				
Атауы				
			1) Кірістер	7 740 566
1			Салықтық түсімдер	2 105 390
	01		Табыс салығы	531 996
		2	Жеке табыс салығы	531 996
	03		Әлеуметтік салық	433 700
		1	Әлеуметтік салық	433 700
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 089 194
		1	Мүлікке салынатын салықтар	1 032 524
		3	Жер салығы	2 727
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	43 943
		5	Бірыңғай жер салығы	10 000
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	42 500
		2	Акциздер	3 000
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	21 100
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	18 400
	08		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	8 000
		1	Мемлекеттік баж	8 000
2			Салықтық емес түсімдер	5 422
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 422
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1 422
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	4 000
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	4 000

3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	168 324
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	8 000
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	8 000
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	160 324
		1	Жерді сату	160 324
4			Трансферттердің түсімдері	5 461 430
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	5 461 430
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	5 461 430
Функционалдық топ				
Функционалдық кіші топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Кіші бағдарлама				
Атауы				
2) Шығындар				
				7 896 279
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	425 780
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	354 146
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	20 230
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20 015
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	215
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	121 853
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	120 913
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	940
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	212 063
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	206 563
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 500
	2		Қаржылық қызмет	320
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	320
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	80
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	240
	9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	71 314
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	31 867

Сомасы
мың
теңге

		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25 180
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	6 687
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	38 993
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	33 608
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	5 385
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	454
		040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	454
02			Қорғаныс	21 197
	1		Әскери мұқтаждар	7 557
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	7 557
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	7 557
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	13 640
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	13 640
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	13 640
04			Білім беру	4 772 565
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	238 478
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	237 105
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	216 222
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	20 883
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	1 373
		037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	1 373
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	4 220 926
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 446
		005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	1 446
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	38 677
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	38 677
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	4 177 031
		003	Жалпы білім беру	4 005 499

		006	Балаларға қосымша білім беру	171 532
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	3 772
		021	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	3 772
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	313 161
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	313 161
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36 680
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	200 112
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	2 513
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	17 531
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	56 325
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	443 683
	1		Әлеуметтік қамсыздандыру	79 853
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	50 417
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	50 417
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	29 436
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	29 436
2			Әлеуметтік көмек	332 086
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	332 086
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	102 209
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	1 117
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	48 721
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	2 552
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	108 137
		017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	31 063
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	38 287
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	31 744
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	31 564
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 121

		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 572
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3 871
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	180
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	180
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	542 951
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	103 884
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	12 703
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	4 172
		004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	8 200
		031	Кондоминиум объектісіне техникалық паспорттар дайындау	331
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	91 181
		003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	500
		004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	90 681
	2		Коммуналдық шаруашылық	189 291
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	5 569
		012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	5 569
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	183 722
		058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	183 722
	3		Елді-мекендерді көркейту	249 776
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	619
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	100
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	519
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	249 157
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	4 941
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	4 550
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	239 666
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	633 415
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	390 557
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	390 557
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	390 557
	2		Спорт	18 069

	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	17 026
	009	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	9 448
	010	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	7 578
	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	1 043
	008	Спорт объектілерін дамыту	1 043
3		Ақпараттық кеңістік	150 017
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	17 478
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	17 478
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	132 539
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	131 230
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	1 309
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	74 772
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	33 334
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19 886
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	12 481
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	967
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	41 438
	001	Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 377
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	29 061
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	181 656
1		Ауыл шаруашылығы	115 792
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	21 392
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21 392
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	94 400
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 344
	005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2 896
	006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	628
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	5 567
	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	565

		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	68 253
		047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	147
6			Жер қатынастары	15 667
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	15 667
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14 332
		006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	1 335
9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	50 197
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	50 197
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	50 197
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	17 214
2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	17 214
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	17 214
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16 914
		013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	300
12			Көлік және коммуникация	274 334
	1		Автомобиль көлігі	269 259
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	269 259
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	241 316
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	27 943
9			Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	5 075
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	5 075
		037	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданишілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	5 075
13			Басқалар	102 287
	3		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	9 750
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	9 750
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 750
9			Басқалар	92 537

	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	52 575
	040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	52 575
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	39 962
	008	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	1 154
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	38 808
14		Борышқа қызмет көрсету	301
	1	Борышқа қызмет көрсету	301
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	301
	021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	301
15		Трансферттер	480 896
	1	Трансферттер	480 896
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	480 896
	006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	10 784
	024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	298 054
	038	Субвенциялар	146 837
	049	Бюджет заңнамасымен қарастырылған жағдайларда жалпы сипаттағы трансферттерді қайтару	11
	051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	24 358
	052	Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген, өткен қаржы жылында бөлінген, пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы даму трансферттерінің сомасын қайтару	852
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	297 390
		Бюджеттік кредиттер	433 109
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	433 109
	9	Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	433 109
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	433 109
	018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	433 109
Санаты			
	Сыныбы		Сомасы мың теңге
	Кіші сыныбы		
	Ерекшелігі		
	Атауы		
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	135 719
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	135 719

	1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	77 293
	2		Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару	58 426
Функционалдық топ				
Функционалдық кіші топ				
			Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Сомасы мың теңге
			Бағдарлама	
			Кіші бағдарлама	
			Атауы	
			4) Қаржылық активтерімен операциялар бойынша сальдо	
			Қаржылық активтерді сатып алу	0
Санаты				
Сыныбы				
			Кіші сыныбы	Сомасы мың теңге
			Ерекшелігі	
			Атауы	
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		2	Қаржы активтерін елден тыс жерлерде сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	- 453 103
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	453 103
7			Қарыздар түсімдері	432 900
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	432 900
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	432 900
Функционалдық топ				
Функционалдық кіші топ				
			Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Сомасы мың теңге
			Бағдарлама	
			Кіші бағдарлама	
			Атауы	
16			Қарыздарды өтеу	
	1		Қарыздарды өтеу	135 719
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	135 719
			005 Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	77 293
			034 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан нысаналы трансферт есебінен облыстық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	58 426
Санаты				
Сыныбы				
			Кіші сыныбы	Сомасы мың теңге
			Ерекшелігі	
			Атауы	
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	155 922

01		Бюджет қаражаты қалдықтары	155 922
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	155 922

Зеленов аудандық
мәслихатының
2017 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 15-3 шешіміне
2 - қосымша

2019 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты			Сомасы мың теңге
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
Ерекшелігі			
Атауы			
		1) Кірістер	6 474 235
1		Салықтық түсімдер	1 886 948
	01	Табыс салығы	487 210
	2	Жеке табыс салығы	487 210
	03	Әлеуметтік салық	390 500
	1	Әлеуметтік салық	390 500
	04	Меншікке салынатын салықтар	950 438
	1	Мүлікке салынатын салықтар	894 130
	3	Жер салығы	3 266
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	41 042
	5	Бірыңғай жер салығы	12 000
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	50 700
	2	Акциздер	3 100
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	21 300
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	26 300
	08	Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	8 100
	1	Мемлекеттік баж	8 100
2		Салықтық емес түсімдер	5 533
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 433
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1 433
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	4 100
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	4 100
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	158 205
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	8 100

	1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	8 100
03			Жерді және материалдық емес активтерді сату	150 105
	1		Жерді сату	150 105
4			Трансферттердің түсімдері	4 423 549
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4 423 549
	2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4 423 549
Функционалдық топ				
Функционалдық кіші топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				Сомасы мың теңге
Бағдарлама				
Кіші бағдарлама				
Атауы				
			2) Шығындар	6 474 235
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	380 901
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	316 546
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	19 440
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19 440
